

"Жылжымайтын мүлікке өзге де объектілерге құқықтарды тіркеу туралы өтініштің нысандарын және мазмұнын, тіркеу құжаттарына тиісті жазба енгізілгені туралы хабарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы № 236 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 22 сәуірдегі N 133 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 14 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6229 болып енгізілді

«Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3)-тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жылжымайтын мүлікке өзге де объектілерге құқықтарды тіркеу туралы өтініштің нысандарын және мазмұнын, тіркеу құжаттарына тиісті жазба енгізілгені туралы хабарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы № 236 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4923 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың актілер жинағында, 2007 жылғы, шілде-қыркүйекте жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықтың 1-қосымшасында:
көрсетілген бұйрықпен бекітілген жеке тұлға үшін жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нысанында:

«СТН» деген сөзден кейін «, ал болған жағдайда - ЖСН» деген сөздермен толықтырылсын;

«Меншік иесі туралы мәліметтер қажет пе Ия Жоқ (керек емесін сызу)» деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«Сатып алынатын немесе сатылатын активтердің жиынтық баланстық құны Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасында белгіленген мөлшерден асып кетеді ме Ия Жоқ (керек емесін сызу)»;
мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

«Ескертпе: Егер тіркеуге арналған өтініштің мазмұнында сатып алынатын немесе сатылатын активтердің жиынтық баланстық құны Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасында белгіленген мөлшерден асып кету туралы мәлімет болса, онда өтініш беруші монополияға қарсы органынан жазбаша келісімін алдын ала табыс етеді.»;

аталған бұйрықтың 2-қосымшасында:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген заңды тұлға үшін жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің н ы с а н ы н д а :

«СТН» деген сөзден кейін «, ал болған жағдайда - БСН» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«Меншік иесі туралы мәліметтер қажет пе Ия Жоқ (керек емесін сызу)» деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«Сатып алынатын немесе сатылатын активтердің жиынтық баланстық құны Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасында белгіленген мөлшерден асып кетеді ме Ия Жоқ (керек емесін сызу)»;
мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

«Ескертпе: Егер тіркеуге арналған өтініштің мазмұнында сатып алынатын немесе сатылатын активтердің жиынтық баланстық құны Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасында белгіленген мөлшерден асып кету туралы мәлімет болса, онда өтініш беруші монополияға қарсы органынан жазбаша келісімін алдын ала т а б ы с е т е д і . » ;

аталған бұйрықтың 3-қосымшасында:
тіркеу құжаттарына тиісті жазба енгізу туралы хабарламаның (жеке тұлғаның өтініш берушісі үшін) нысанында:

«Тегі, Аты, Әкесінің аты _____ »
деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«СТН, ал болған жағдайда - ЖСН»;
аталған бұйрықтың 4-қосымшасында:
тіркеу құжаттарына тиісті жазба енгізу туралы хабарламаның (заңды тұлғаның өтініш берушісі үшін) нысанында:

«СТН» деген сөзден кейін «, ал болған жағдайда - БСН» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і н
Д. Құсдәулетов